

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы МКҚК
«Қарлығаш» кіші тобының тәрбиешісі Сопакоев А.К-ның
2025-2026 оқу жылының жылдық есебі.

«Қарлығаш» кіші тобында қыркүйек айында 20 бала тәрбиеленді. Оның 10-ы қыз бала, 10-ы ұл бала. Қазіргі кезде 19 бала тәрбиеленуде. Оның 8-і қыз бала, 11-і ұл бала.

Балалардың жасы 2 жастан 3 жасқа дейін. Тәрбиешінің ең маңызды міндеті-балалардың мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жағдайына бейімделуіне көмектесу. Топтың басты мақсаты "Мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру". Тәрбиешінің бақылауымен мәдени-гигиеналық дағдыларға тәрбиеленді. Тамақтанар алдында қолды жууды, бетті, қолды жеке сүлгімен құрғатып сүртуді үйренді.

Жұмыс ҚР Білім және ғылым министрлігінің 422-бұйрығы және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұйымдастырылды.


Оқу жылының басында топта балалардың бейімделуіне жағдай жасалды. Топтағы дамытушы орта әр түрлі заттармен және ойын материалдарымен толықты. Топта барлық құрал-жабдықтар, ойыншықтар қолжетімді, ыңғайлы жерде, балалар өз бетінше іс-әрекет түрін тандай алады. Ойындарға өзіндік жұмыстарға қолайлы жағдай жасалған.

Күннің екінші жартысында балалармен төмендегідей жеке жұмыстар жүргіземін: түстерді ажырату, құрастыру материалдарымен, сонымен қатар ойыншықтарды ажыратуға көмектесу, бірігіп ойнау, бірге әрекет жасап ойын ұйымдастыру. Біздің мақсатымыз балаларды адалдыққа, әдептілікке, мейірімділікке, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға, жаманнан жиреніп жақсыны үйренуге, осы қасиеттерді бойына сіңіруге қалыптастыру. Қозғалыс белсенділігін арттыру үшін серуен, спорттық жаттығулар мен қимылды ойындар өткізілді. Перспективалық және күнтізбелік жоспарлар жасалды, онда барлық бірлескен іс-шаралар, кеңестер берілді, ата-аналар жиналысы өткізілді.

"Күз сыйы-туған елге!" көрмесі өткізілді. "Әрқашан күн сөнбесін" көрмесін ұйымдастырдым. "Шырша тойын тойлаймыз" жаңа жыл ертеңгілігі өткізілді.

Балалар ертеңгілікте мерекелік көңіл күйде болып ойын ойнады, ән айтты, билерін биледі. Және осы мерекелерге жылжымалы папкалар шығарылды, топқа мерекелік безендіру жасалынды. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы ұйымдастырған "Балабақша педагогтерінің кәсіби шеберлігін арттыру" тақырыбындағы облыстық семинарға қатысқаны үшін Сертификат алдым. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы ұйымдастырған "Аттесталушы педагогтің озық тәжірибесін жинақтау" тақырыбындағы облыстық семинарға қатысқаны үшін Сертификат иелендім. Ақтөбе облыстық әдістемелік Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған "Аттесталушы педагогтің озық тәжірибесін жинақтау" тақырыбындағы облыстық әдістемелік практикумға қатысып, белсенділік танытып, іс-тәжірибесімен бөліскендігі үшін Алғыс хат пен марапатталдым. Облыстық «Жасыл балабақша» жобасы аясында «Жасыл орта-Жарқын болашақ: Ерте жастан табиғатты сүюге тәрбиелеу» тақырыбында ұйымдастырылған семинарда өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хат берілді. «Ақтөбе-Дарын өңірлік ғылыми-тәжірибелік Қосымша Білім беру орталығы өткізген байқауға қатысып: 2-тәрбиеленуші «Менің өлкемнің көктемі» атты облыстық шығармашылық байқауына қатысып, жоғары нәтиже көрсеткені үшін І және ІІІ дәрежелі Дипломдар иеленді, 2-тәрбиеленуші «Менің өлкемнің көктемі» атты облыстық шығармашылық байқауына белсене қатысқаны үшін Мақтау қағазымен марапатталды. Қорытынды ата-аналар жиналысы өткізілді. Балалармен мақсатты жұмысты жалғастыру, талапқа сәйкес топтағы дамытушы ортаны жетілдіру. Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс және гигиеналық мәдениетін дамыту. Заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып жұмысты жалғастыру.

Тәрбиеші:



Сопакоев А.К.